

MPHTI 06.52.17

JEL Classification: I32

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-6-6-18>

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Р. Қ. Елшібаев

Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

---

### АНДАТПА

*Зерттеудің мақсаты* – Қазақстанда халықтың табысын қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздерін зерттеу, нақты ресми мәліметтер бойынша экономикалық-статистикалық талдау және табысты жоғарылату жолдарын айқындау.

*Зерттеу әдістемесі* – зерттеу жүргізу барысында жүйелеу, экономика-статистикалық талдау, салыстырмалы бағалау әдістері қолданылды.

*Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы* – экономикалық тұрақсыздық жағдайында халықтың ақшалай табысының қалыптасу көздерін, құрамы мен құрылымын кешенді талдау нәтижесінде табысты жоғарылату бойынша жасалған тұжырымдар мен ұсыныстар.

*Зерттеу нәтижелері* – зерттеу жұмысында экономикалық өсу және инфляциялық үрдістерді басқаруды жетілдіру арқылы табысты ұлғайту, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесін азайту, кедейлік шегін төмендету мақсатында өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу, қалалық және ауылдық жерлердегі табыстар алшақтығын жою бойынша ұсыныстар жасалды.

*Түйін сөздер*: ақшалай табыстар, ең төменгі күнкөріс деңгейі, әлеуметтік трансферттер, дивиденд, зейнетақы, жәрдемақы.

### КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазақстандағы жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық саясаттың маңызды стратегиялық басымдықтарының бірі өмір сүру деңгейін жоғарылату болып табылады. Осы мақсатта бірқатар мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялар мен Ұлттық жобалар қабылданып іске асырылып жатқаны белгілі. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен 10 Ұлттық жобаның тізбесі бекітілді. Соның ішінде «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» жобасы (12.10.2021 ж.) экономиканы әртараптандыру мақсатын көздей отырып 2021-2025 жылдар аралығында бірқатар экономикалық тиімділікке және әлеуметтік-экономикалық әсерге қол жеткізудің нақты сандық және сапалық көрсеткіштерін белгіледі [1]. Ал «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылдың 28 наурыздағы қаулысымен 2029 жылға дейінгі болып өзгертілді. Алайда елдегі қалыптасқан шынайы жағдай және соңғы жылдардағы әлеуметтік шиеленістер мен толқулардың жиілеуі бұл мәселенің өзектілігін, жан-жақты терең ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының кең байтақ жері мен мол қазба байлығына қарамастан өңірлерде наразылықтардың туындауы халықтың табысын ұлғайту мен өмір сүру деңгейін жақсарту бойынша аймақтық ерекшеліктерді ескеру қажеттігін көрсетті. Табыс маңызды әлеуметтік-экономикалық категория ретінде қоғам мүшелері арасындағы экономикалық байланысты көрсетеді. Әсіресе, экономикалық тұрақсыздық жағдайында халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі аясында әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға қажетті ресурстардың шектеулілігі байқалады.

Қазақстан Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2023 жылдың 1 қыркүйегінде халыққа арнаған Жолдауында халықтың әл-ауқатын жақсарту, ең төменгі жалақы мөлшерін өсіру, сондай-ақ, еңбек нарығын жан-жақты дамыту қысқа мерзімді кешенді жоспар жасалу қажеттігі айтылды [2]. Осы аталғандардың барлығы зерттеу мәселесінің теориялық-әдістемелік және тәжірибелік аспектілерін ғылыми тұрғыда тереңінен қарастырудың маңыздылығын көрсетеді.

**Әдебиеттерге шолу.** Зерттеу тақырыбының теориялық-әдістемелік негіздері отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде түрлі аспектіде қарастырылады. Бірқатар зерттеуші ғалымдар А. Е. Суринов, Б. Г. Ильясов, Е. А. Макарова, Е. Ш. Закиева, Э. С. Гиздатуллина, Л. А. Мигранова, В. С. Жаромский, И. Б. Колмаков, А. Т. Конуспаева, Ж. С. Утегенова, С. К. Какимов, А. К. Жумагулова, П. Т. Притворова, Ж. К. Кайдарова, А. К. Саурукованың еңбектерінде өмір сүру деңгейін бағалау, табыстардың қалыптасуы мен бөлінуі, бағалаудың әдістемелік аспектілері тұрғысынан қарастырылады [3; 4; 5; 6; 7; 8; 9; 10].

Халықтың табысы бойынша зерттеулер, соның ішінде табыс түсінігі, түрлері, қалыптасу көздері А. Суриновтың еңбегінде кеңінен қарастырылған. Оның пікірінше, табыс экономикалық әл-ауқаттың маңызды көрсеткіштерінің бірі болғанымен табысты анықтауды көпөлшемді тәсілмен қарастырады. Зерттеу тақырыбы шеңберінде ізденістер жасаған тағы бір ғалымдар тобы (Б. Г. Ильясов, Е. А. Макарова, Е. Ш. Закиева, Э. С. Гиздатуллина) өмір сүру сапасымен байланыстыра зерттейді және 7 қадмнан тұратын бағалау тәсілін ұсынады. Л.А. Мигранова мен В.С. Жаромскийдің еңбектерінде халықтың табыс деңгейін бағалау әдістерінде халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстарына қарай есептеу қажет деп санайды.

Отандық зерттеуші ғалымдар А. Т. Конуспаева, Ж. С. Утегенова, С. К. Какимов, А. К. Жумагулова Қазақстанның өңірлік ерекшеліктері және әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы ескерілуі тиіс деген пікірде. Осы мәселені зерттеуші басқа да ғалымдар (Ж. К. Кайдарова, А. К. Саурукова) өмір сүру деңгейін интегралды бағалау тұрғысынан қарастырады.

Біздің ойымызша, халықтың табыс деңгейін бағалау және оны жоғарылату мәселесі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына байланысты жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Түрлі әлеуметтік шиеленістердің туындау себептерінің бірі халықтың табыс деңгейінің төмендігі болып табылады. Сондықтан зерттеу тақырыбы терең ізденістер жасауды қажет етеді.

Экономикалық әдебиеттерде халықтың материалдық игіліктер мен қызметтерді тұтынуына, табыстардың өңірлік дифференциациясына, әлеуметтік-экономикалық мәселелерге ерекше назар аударылады. Мұндай зерттеулер жүргізудің маңыздылығын 2015 жылы жекелеген елдердегі халықтың әл-ауқаты мен кедейшілік, тұтынуды талдау туралы еңбегі үшін англо-американдық экономист Ангус Дитон экономика бойынша Нобель сыйлығын алғандығы нақтылай түседі [11].

Зерттеу тақырыбы өзектілігі жоғары, кешенді әрі тереңінен талдау жүргізуді қажет ететін кең ұғымды қамтиды. Алайда зерттеу мақсатына байланысты белгілі бір аспектісі қарастырылғаны дұрыс. Біздің зерттеуімізде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі ретінде халықтың табысын ұлғайту жолдарын анықтау тұрғысынан қарастырылады.

### **ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ**

Нарықтық қатынастар жағдайында экономикалық қызмет нәтижесі табыс түрінде көрініс табатындығы белгілі. Ол халықтың материалдық әл-ауқатының негізін құрайды, сондай-ақ, табиғи және ақшалай көріністегі ресурстарды білдіреді. Табыс мөлшері бір жағынан адамның мүмкіншілігін бағалап, қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін анықтаса, екінші жағынан, әртүрлі деңгейдегі бюджетке түсетін салықтық түсімдер мен аударымдардың көзі болып табылады.

Халықтың табысының түрлері әралуан болып келеді. Әдебиеттер мен зерттеулерде әртүрлі жіктеледі. Бірқатар зерттеулерде жеке табыстарға еңбек ақы, зейнет ақы, шәкіртақы, өзін-өзі жұмыспен қамтудан және меншіктен түскен табыстар жатқызылады [12]. Ал, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының түсініктемесінде үй шаруашылығының ақшалай табыстары келесілерден тұрады:

- үй шаруашылығы мүшелерінің жалақысы;

- кәсіпкерлік іс-әрекеттен алынатын табыстар;
- әлеуметтік төлемдер арқылы қалыптасатын табыстар (шәкіртақы, зейнетақы, жәрдемақы т.с.с.)
- пайыз, дивиденд түріндегі және меншіктен түсетін өзге де табыстар;
- ақшалай түсім түрінде алынған басқа да қаражаттар.

Қазақстанда үй шаруашылығын іріктеп зерттеуге негізделген бағдарлама бойынша 2001 жылдан бастап халықтың әл-ауқатын бағалау, кедейшілік және табыстар теңсіздігі көрсеткіштерін есептеу мақсатында адамдардың тұтынуға пайдаланылған табыстары негізгі өлшем ретінде қолданылады. Мұндай табыстарға тұтыну шығыстары, өзі өндірген өнімдердің заттай түрдегі (ақшалай мәндегі) құны мен трансферттер кіреді.

Халықтың табыстары жалдамалы жұмыстарды атқару, өздігінен жұмысқа қамтылу арқылы алынған табыстардан, әлеуметтік трансферттік төлемдерден, басқа да ақшалай немесе заттай түрдегі түсімдерден құралады. Осы түсініктерге қысқаша тоқталайық.

Жалдамалы жұмыспен қамтылудан түскен табысқа мыналар жатқызылады: жалақы; жалақыға үстемақы; ақшалай және заттай түрдегі ынталандырушы төлемдердің барлық түрлері; қаламақы және сыйақылар; жұмыстан шығардағы жәрдемақы, науқастық қағаз бойынша төлемақы, пайдадан түскен төлемдер; медициналық шығыстар үшін жұмыс берушіден алынатын өтемақы.

Өздігінен жұмысқа қамтылу арқылы түсетін табыстарға кәсіпкерлік іс-әрекетті жүзеге асырудан алынған пайда, жеке шаруашылықта өсірілген ауыл шаруашылық өнімдерін өткізуден түскен табыс жатқызылады.

Зейнетақы, атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй-жай бойынша көмек, жәрдемақы, шәкіртақы әлеуметтік трансферттер ретінде қарастырылады.

Басқа да ақшалай және заттай түрдегі түсімдерге меншікті пайдаланудан алынған табыс, туысқандар мен таныстардың көрсеткен түрлі материалдық көмектері, алименттер мен басқа да кірістерді жатқызуға болады.

Меншікті пайдаланудан алынған табыстарға құнды қағаздар бойынша төленетін дивидендтер, ұтыстар, қарызға берілген қаражатты пайдаланғаны үшін пайыздық төлемдер, өзінің меншігіндегі тұрғын үй-жайды, жер телімін, көлік құралын жалға беруден түскен табысты, сондай-ақ, ақшаға есептеліп заттай түрде алынған рантье табысы жатады.

Әдетте туысқандар немесе таныстардан қайтарымызсыз алынған ақшалай сомалар мен ақшалай нысандағы заттай түсімдер материалдық көмек ретінде қарастырылады.

Бір адамның екінші бір адамға беруге міндетті материалдық не болмаса ақшалай қаражаты алимент деп аталады [13].

Қазақстанның аймақтық даму ерекшеліктеріне байланысты табыстар деңгейі бойынша да әралуан екендігі белгілі. Өңірлердегі табыстар теңсіздігі, халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыстары, ең төменгі күнкөріс деңгейі, халықтың төлем қабілеттілігі және басқа да маңызды параметрлер бойынша айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мұның барлығы белгілі бір деңгейде мемлекетке салмақ түсіріп, мемлекеттік және аймақтық әлеуметтік қорғау жүйесін қайта қарауды, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі алшақтықты азайтуды, кедейшілік деңгейін төмендетуді және халықтың табысын ұлғайтуды қажет етеді. Соңғы жылдары қоғамда, зерттеуші ғалымдар мен сарапшылар арасында ең төменгі күнкөріс деңгейін, орташа айлық жалақы көлемін есептеуге қатысты да түрлі пікірлер қалыптасты.

Қазақстанда күнкөрістің ең төменгі деңгейі бір адамға қажетті ең аз ақшалай табысты білдіреді және ол тұтыну қоржыны құнының шамасына тең. Оған азық-түліктік және азық-түліктік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалған шығыстар кіреді. Бұл мәселеге қатысты пікірталастың туындауы да заңдылық. Себебі, күнкөрістің ең төменгі шамасы кедейліктің абсолюттік өлшемі ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар әлеуметтік қорғау мақсатында атаулы әлеуметтік көмек алу үшін де ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері (70 %) негізге алынады. Бірақ, бұл өз алдына жеке зерттеу жүргізуді қажет ететін мәселе болып табылады.

**Зерттеудің нәтижелері.** Халықаралық тәжірибеге сүйенсек халықтың табысын зерттеу кезінде негізгі 2 тәсіл жиі қолданылады:

1) макроэкономикалық, яғни, халықтың рөлін әлеуметтік-экономикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде жалпы ішкі өнімнің ұдайы өндірісі процесінде ерекше рөл атқарады.

2) микроэкономикалық тәсіл. Ол жекелеген үй шаруашылығы немесе олардың топтары деңгейінде табыстарды қалыптастыру, бөлу, қайта бөлу және пайдалану процесін зерттеумен байланысты.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдау кезінде бұл тәсілдер бір-бірін толықтырып отыруы тиіс.

Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде халықтың табысын объективті және жан-жақты талдау талаптарына негізделген статистикалық талдау әдістері қолданылды. Статистикалық зерттеу негізінде мынадай маңызды міндеттердің шешімі табылады:

- халықтың табыстарының динамикасы мен олардың қалыптасу көздерін талдау;
- халықтың ақшалай табыстарының дифференциациясын бағалау;
- республикалық және өңірлік деңгейде халықтың ақшалай табыстарының деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау.

Үй шаруашылығындағы табыстар көрсеткіштерін есептеу халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы және нақты ақшалай табыстардан, тұтынуға жұмсалған халықтың нақты табыстарынан, халықтың ақшалай табыстарынан тұрады.

Қазақстан халқының ақшалай табыстарының динамикасын нақты статистикалық мәліметтерді талдау арқылы көруге болады. Төмендегі 1-кестеде соңғы 5 жыл ішіндегі халықтың табысының өзгеру динамикасы көрсетілген [14].

Кесте 1 – Қазақстан халқының ақшалай табыстарының 2017-2021 жылдар аралығындағы көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2021 ж. 2017 ж. %-бен
Бір айда жан басына шаққанда халықтың атаулы ақшалай табыстары, теңге	83710	93135	104282	116126	130616	156,0
Бір айда орташа жан басына шаққанда тұтынуға жұмсалған табыстары, теңге	48619	53224	57427	61358	69038	142,0
Халықтың нақты ақшалай табыстарының индексі, өткен жылға %-бен	101,8	105,0	106,4	104,3	104,1	+2,3
Ең төменгі күнкөріс деңгейі, теңге	23783	27072	29342	33015	37266	156,7
Табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, %	2,7	4,3	4,3	5,3	5,2	+2,5
Ескерту – [14] дереккөз негізінде автормен құрастырылған						

1-кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы 5 жыл ішінде халықтың атаулы ақшалай табыстары 46 906 теңгеге немесе 56 %-ға өссе, нақты ақшалай табыстарының индексі 2019 жылға дейін жылдан жылға өсе түскенін, 2020-2021 жылдары төмендегенін көріп отырмыз. Оның басты себебін инфляцияның өсу қарқыны, пандемияның орын алуы, сондай-ақ геосаяси жағдайлармен түсіндіруге болады. Алдын ала жедел деректер бойынша 2021 жылы жан басына шаққандағы ең жоғары атаулы ақшалай табыстар Атырау облысына (251 597 тг.), Астана (194 398 тг.), Алматы (179 554 тг.) қалаларына тиесілі болса, ең төменгі табыс оңтүстік өңірлерде, атап айтқанда Түркістан облысында (69 105 тг.), Шымкент қаласында (81 714 тг.), Жамбыл облысында (90 255 тг.), Қызылорда (92 531 тг.) облыстарына тиесілі. Осы ресми статистикалық мәліметтер арқылы өңірлер бойынша табыстар теңсіздігін, табысты жоғарылату бойынша нақты зерттеулер жүргізу қажеттігін көре аламыз.

Кестеде берілген статистикалық мәліметтерден байқағанымыздай, назар аударарлық мәселе табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесінің жылдан жылға өсе түсуі. Егер 2017 жылы оның мәні 2,7 % болса, 2021 жылы 5,2 %-ды құраған. Яғни, 2 есеге жуық өскенін көріп отырмыз. Бұл жағдай Қазақстандағы кедейлік деңгейіне тікелей әсер етеді. Ең төменгі күнкөріс құнының 55 % азық-түлік өнімдері құрайтынын ескерсек бұл ойланарлық жағдай. Осы аталғандарды келесі сурет (Сурет 1) түрінде көрсетуге болады.



Сурет 1 – Қазақстан халқының ақшалай табыстарының  
2017-2021 жылдар аралығындағы көрсеткіштері  
Ескерту – [14] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Халықтың ақшалай табыстарының құрылымына талдау жасау арқылы табыс көздерін анықтай аламыз. Оны 2-кестеден және 2-суреттен көре аламыз.

Кесте 2 – Халықтың ақшалай табыстарының құрылымы, %

Көрсеткіштер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2021 ж. 2017 ж. +-
Ақшалай табыстар, барлығы: соның ішінде:	100	100	100	100	100	-
Еңбек қызметінен түскен табыстар, соның ішінде:	76,3	74,2	72,3	67,0	70,0	-6,3
Жалдамалы жұмыстар атқарудан алынған табыс	65,7	63,3	61,9	57,9	60,7	-5
Өздігінен жұмыстар атқару және кәсіпкерлік іс-әрекеттен түскен табыс	10,6	10,9	10,4	9,1	9,3	-1,3
Әлеуметтік трансферттер, соның ішінде:	19,7	21,5	23,8	28,6	25,8	+6,1
Зейнетақы	16,4	18,3	20,3	23,5	21,4	+5
Жәрдемақы	2,9	2,8	2,9	4,5	3,9	+1
Атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегі	0	0	0,2	0,1	0	0
Шәкіртақы	0,4	0,4	0,4	0,5	0,5	+0,1
Меншіктен түскен табыс	0,4	0,5	0,5	0,4	0,4	0
Материалдық көмек, алименттер, өзге де табыстар	3,6	3,8	3,4	4,0	3,8	+0,2

Ескерту – [14] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.



### ХАЛЫҚТЫҢ АҚШАЛАЙ ТАБЫСТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



Сурет 2 – 2017-2022 жж. аралығындағы халықтың ақшалай табыстарының құрылымы, %

Ескерту – [14] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

2-кестеде берілген мәліметтер бойынша талдау жасайтын болсақ, соңғы 5 жыл ішінде халықтың ақшалай табыстары құрылымында айтарлықтай үлкен өзгерістер болмаған. 2017 жылмен салыстырғанда 2021 жылы еңбек қызметінен түскен табыстар 6,3 %-ға азайған. Ол жалдамалы жұмыстан түскен табыстың 5 %-ға, өз бетінше жұмыспен қамтылудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстың 1,3 %-ға төмендеуі есебінен орын алған. Ал, әлеуметтік трансферттер 6,1 %-ға ұлғайса, соның ішінде зейнетақы 5 %-ға, жәрдемақы 1 %-ға, шәкіртақы 0,1 %-ға өскен. Туыстары мен таныстарынан алынған материалдық көмек, алименттер, өзге де табыстар 0,2 %-ға өскенін көріп отырмыз. Орын алған өзгерістер ең алдымен Қазақстанда әлеуметтік саясатқа ерекше назар аударылып, зейнетақы, шәкіртақы және жәрдемақы көлемінің өсуімен байланысты. Сонымен қатар, «COVID-19» коронавирус инфекциясының таралуына байланысты орын алған шектеулердің нәтижесінде халықты әлеуметтік қолдаудың белсенді шаралары жүргізілді. Осы аталғандардың барлығы әлеуметтік трансферттердің артуына, еңбектен түсетін табыстың төмендеуіне алып келді.

Өңірлер бойынша халықтың ақшалай табыстарының құрылымын талдау өте маңызды. Өйткені өңірлердегі табыстар құрылымында өзгешеліктер бар екендігі белгілі. Ресми статистикалық мәліметтер 3-кестеде берілген.

2021 жылы өңірлер бойынша халықтың табыстарының қалыптасу көздерін құрылымдық тұрғыда қарастырсақ негізгі табыс көзі жалақы болып табылады.

Осы еңбек қызметінен түсетін табыстары жалдамалы жұмыстан түскен табыстан, өз бетінше жұмыспен қамтылудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстан тұратындығы белгілі.

Талдау мәліметтері көрсеткендей, табыстың осы бөлігі Түркістан облысында (27,1 %), Шымкент қаласында (18,1 %), Жамбыл облысында (14,7 %), Алматы облысында (12,5 %) жоғары мәнге ие болып отыр. Яғни, осы өңірлерде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен кәсіпкерлік қызметпен айналысатындар көп екендігін көрсетеді. Атырау, Қарағанды, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарында өз бетінше жұмыспен қамтылудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар көлемі 5 %-ға жетпейді. Бұл осы аталған өңірлерде кәсіпкерлік белсенділіктің төмендігін, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының аз екендігін көрсетеді.

Кесте 3 – Аймақтар бойынша халықтың ақшалай табыстарының құрылымы, % (2021 жыл)

Өңірлер	Ақшалай түсімдер, барлығы	Еңбек қызметінен алынған табыстар	Әлеуметтік трансферттер	Меншікті пайдаланудан алынған табыстар	Алимент, материалдық көмек және басқа да табыстар
Қазақстан Республикасы	100	70	25,8	0,4	3,8
Ақмола	100	67,4	27,4	0,6	4,6
Ақтөбе	100	76,3	20,7	0,1	2,9
Алматы	100	68	28,5	0,0	3,5
Атырау	100	76,7	21,3	0,3	1,7
Батыс Қазақстан	100	70,6	26,0	0,4	3,0
Жамбыл	100	70,5	26,8	0,0	2,7
Қарағанды	100	70,4	22,1	0,6	6,9
Қостанай	100	69,2	24,7	0,4	5,7
Қызылорда	100	69,8	27,3	0,0	2,9
Маңғыстау	100	81,6	16,1	0,0	2,3
Павлодар	100	73,9	22,3	0,4	3,4
Солтүстік Қазақстан	100	57,5	35,6	1,4	5,5
Түркістан	100	71,6	26,4	0,1	1,9
Шығыс Қазақстан	100	59,8	36,0	0,1	4,1
Астана қаласы	100	73,4	20,7	0,4	5,5
Алматы қаласы	100	67,7	28,4	1,2	2,7
Шымкент қаласы	100	73,8	23,5	0,2	2,5

Ескерту – [14] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

2021 жылы әлеуметтік трансферттер, яғни, жәрдемақы, зейнетақы, шәкіртақы, атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегі бойынша Шығыс Қазақстан (36 %), Солтүстік Қазақстан (35,6 %), Алматы (28,5 %) облыстары мен Алматы қаласы (28,4 %) алдыңғы орында. Ең аз әлеуметтік трансферттер (16,1 %) Маңғыстау облысына тиесілі. Бірақ, бұл өңірде еңбек қызметінен түскен табыстар ең жоғары мәнді (81,6 %) құраса, соның ішінде жалдамалы жұмыстан түскен табыстар 77,3 %, өз бетінше жұмыспен қамтылудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар 4,3 % болған. Яғни, халықтың ақшалай табыстарының негізгі бөлігі жұмыс орнынан алатын жалақы есебінен қалыптасатынын көрсетеді. Сондықтан да бұл өңірдегі жұмыссыздықтың өсуі, жұмыс орнындағы қысқартулардың орын алуы жиі әлеуметтік наразылықтардың туындауына алып келеді.

Жүргізілген зерттеулер негізінде анықталғандай ең төменгі күнкөрістің деңгейінен төмен тұтынуға жұмсалған табыстар бар халықтың үлесі жылдан жылға артып, 2021 жылы 5,2 % құраған. Осы мәселеде қалалық және ауылдық жерлер бойынша бөліп қарастыру маңызды. Оны 4-кестеде берілген мәліметтерден көруге болады.

Кесте 4 – Күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен тұтынуға жұмсалған табысы бар халықтың ауылдық және қалалық жердегі үлесі, %

Өңірлер	2017 ж.		2018 ж.		2019 ж.		2020 ж.		2021 ж.	
	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
Қазақстан Республикасы	1,2	4,6	2,5	6,7	2,7	6,6	3,7	7,6	3,8	7,2
Ақмола	2,7	3,0	3,4	4,9	3,3	5,2	4,7	6,9	5,7	7,0
Ақтөбе	0,8	3,7	1,9	4,7	2,1	5,0	2,3	6,4	2,6	6,6
Алматы	1,3	2,7	3,3	3,8	1,8	3,2	2,6	4,3	2,7	4,6
Атырау	0,6	4,8	0,5	4,7	0,6	4,4	0,6	5,9	0,7	6,4
Батыс Қазақстан	1,2	4,3	1,4	5,2	2,2	5,4	2,1	6,0	2,4	6,5
Жамбыл	1,9	4,4	2,3	6,2	2,9	6,1	3,7	7,2	3,1	6,7
Қарағанды	0,8	4,9	1,7	4,4	2,4	3,2	3,0	3,0	3,1	3,5

Қостанай	1,0	4,0	2,0	6,5	2,4	4,6	2,1	5,6	2,3	4,9
Қызылорда	2,7	3,1	4,6	5,1	3,5	6,0	4,0	7,2	5,2	5,7
Маңғыстау	0,8	5,0	1,3	7,3	0,5	6,8	2,5	7,9	2,9	12,5
Павлодар	0,9	3,7	2,1	5,3	3,0	5,5	3,3	5,3	3,4	5,1
Солтүстік Қазақстан	2,8	3,8	3,9	5,3	4,4	6,6	5,1	8,0	3,9	7,0
Түркістан	3,0	8,1	8,7	11,1	8,8	11,3	9,9	12,7	7,6	10,5
Шығыс Қазақстан	1,0	3,1	3,0	11,7	3,0	11,5	4,7	9,6	3,8	8,4
Астана қаласы	0,8	-	0,9	-	1,1	-	1,5	-	2,2	-
Алматы қаласы	1,0	-	2,8	-	2,8	-	4,9	-	5,2	-
Шымкент қаласы	0,2	-	2,5	-	2,8	-	5,0	-	5,5	-

Ескерту – [14] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

4-кестеде берілген мәліметтерден соңғы 5 жыл ішінде ауылдық және қалалық жерлердегі күнкөрістің ең төменгі деңгейінен төмен табысы бар адамдардың үлесінің өзгерісі көрсетілген. Қазақстанның барлық өңірлері бойынша ауылдық жерде де қалалық жерде де өсу динамикасы байқалады. 2017 жылмен салыстырғанда 2021 жылы қалалық жерлерде күнкөріс деңгейінен төмен тұтынуға жұмсалған табысы бар адамдардың үлесі келесі өңірлерде: Қызылорда облысында 2,5 %-ға, Шығыс Қазақстан облысында 2,8 %-ға, Ақмола облысында 3 %-ға, Түркістан облысында 4,6 %-ға, Алматы қаласында 4,2 %-ға, Шымкент қаласында 5,3 %-ға өскен. Ауылдық жерлердегі өсім динамикасы Ақмола облысында 4 %, Шығыс Қазақстан облысында 5,3 %, Маңғыстау облысында 7,5 % құраса, Қарағанды облысында 1,4 %-ға төмендеген. 2021 жылы республикалық мәннен жоғары болған өңірлер қатарына Шығыс Қазақстан облысы (8,4 %), Түркістан облысы (10,5 %), Маңғыстау облысы (12,5 %) жатқызылады. Осы жасалған талдау нәтижелерін 3-суреттен көре аламыз.

**2021 жылғы ауылдық және қалалық жерде ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұтынуға жұмсалған табыстары бар халықтың үлесі, %**



**Сурет 3 – 2021 жылғы ауылдық және қалалық жерде күнкөріс деңгейінен төмен тұтынуға жұмсалған табысы бар адамдардың үлесі, %**

Ескерту – [14] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Жасалған есептеулер мен талдаулар Қазақстанда халықтың табысын жоғарылату бойынша кешенді іс-шаралар әзірлеп, табысты іске асырылуын қадағалау қажеттігін көрсетеді. Әсіресе ауылдық жерлерге айрықша назар аударылуы тиіс.

Мемлекет тарапынан қазіргі кезде қабылданып, жүзеге асырылып отырған маңызды құжат «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспары. Ол Қазақ-



стан халқының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Басты мақсаты азаматтардың, соның ішінде ауыл тұрғындарының табыс деңгейін жоғарылату болып табылады. Осы жоспарды табысты іске асыруға мынадай 5 бағыт бойынша іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізілетін болады:

1) Жұмыспен қамтудың өңірлік карталары шеңберінде экономиканың нақты секторында жұмыс орындарын құру;

2) «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру арқылы ауыл халқының табысын ұлғайту;

3) Табыс деңгейін жоғарылатуды қамтамасыз ететін мемлекеттік қолдау шаралары;

4) Бюджеттен төленетін жалақыны жоғарылату бойынша міндеттемелер;

5) Халықты мемлекеттік әлеуметтік қолдау [15].

Сонымен жүргізілген зерттеулер бойынша анықталғандай Қазақстанда халықтың атаулы ақшалай табыстары жыл сайын өскенімен нақты ақшалай табыстары 2020-2021 жылдары төмендеген. Мұның басты себебін инфляциялық процестердің жеделдеуімен байланысты қарастыруға болады. 2020 жылы пандемия жағдайында көптеген шектеулердің орын алуы, өндіріс және өткізу көлемінің төмендеуі, жеткізу жүйесіндегі үзілістердің болуы, жекелеген тауарлар тапшылығына байланысты бағаның шарықтауы орын алды.

Зерттеулер көрсеткендей, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі соңғы 5 жылда 2 есеге жуық өсуі жедел іс-шаралар әзірлеу қажеттігін көрсетеді. Өйткені, ол ақшалай табыстардың тапшылығы мен кедейшілік деңгейімен байланысты болып келеді. Мемлекет алдыдағы басты міндет осындай халықтың үлесін азайту болуы тиіс. Сонымен қатар азық-түлік қоржынын қайта қарау мәселесі де назардан тыс қалмауы қажет.

Халықтың ақшалай табыстарын өңірлер бойынша талдау нәтижелері әрбір өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын, аймақтық даму ерекшеліктерін, табиғи-климаттық, өндірістік және экономикалық әлеуетін, сондай-ақ, халықтың тұрмыс деңгейін ескере отырып табысты ұлғайту жолдарын қарастыру қажеттігін көрсетті.

Есептеулер көрсеткендей күнкөріс деңгейінен төмен тұтынуға жұмсалған табысы бар адамдардың үлесі жылдан-жылға өсіп келеді. Бұл тенденция қалалық жерде де ауылдық жерде де байқалады. Атап айтқанда халық тығыз қоныстанған өңірлерде республикалық мәннен жоғары көрсеткішті құрап отыр. Әсіресе ауылдық жерлерде жоғары өсімнің болуы ауыл халқының табысын ұлғайту бойынша кешенді іс-шаралар жоспары қажет екендігін көрсетеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезде кедейшілік, табыстар теңсіздігі, халықтың табысын ұлғайту тек Қазақстанда ғана емес әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жүргізілген шағын зерттеулер негізінде халықтың табысын арттыру бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

1) Экономикалық өсімді ұлғайту және инфляциялық үрдістерді басқаруды жетілдіру. Инфляциялық үрдістерді басқаруға көптеген ішкі және сыртқы факторлар әсерін тигізеді. Әсіресе іскерлік ортаның белсенділігі, халықтың ақшалай табыстары, жұмыспен қамту деңгейі, нарықтың қажетті тауарлар мен қызметтермен қамтамасыз етілуі маңызды орынға ие болады. Қазіргі кезде инфляция деңгейін реттеу құралы ретінде Ұлттық банк тек базалық ставканы ғана қолданып отыр. Яғни, базалық ставканы көтеру арқылы жинақтауды жоғарылату мен тұтынуды төмендету, сондай-ақ ақша нарығындағы пайыздық ставканы жоғарылату ұтымды шешім бола алмайды. Ол бірінші кезекте іскерлік белсенділіктің төмендеуіне, бизнес субъектілерінің қаржы ресурстарына деген қол жетімділігін шектеуге алып келеді. Сондықтан Ұлттық банктің жүргізетін ақша несие саясатында инфляцияны төмендетудің базалық ставкадан басқа да едәуір тиімді құралдары көрініс табуы қажет. Халықтың табыс көлемі инфляция деңгейін ескере отырып индексацияланғаны дұрыс.

2) Ресми статистикалық мәліметтер бойынша жасалған талдаулар көрсеткендей, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі соңғы 5 жыл ішінде 2 есеге жуық өсіп, 5,2 % құраған. Бұл Қазақстанда кедейлік шегіндегі халықтың үлесі өскендігін көрсетеді. Өңірлер бойынша табыстар теңсіздігі, әсіресе оңтүстік өңірлерде табыстардың төмен болуы әрбір өңірдің өзіндік ерекшелігін ес-

керуді және соған сәйкес табысты ұлғайту бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеуді қажет етеді. Халықтың ақшалай табыстарының құрылымына сол өңірдегі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы, ауыл және қала халқының үлесі де ықпал етеді. Қазіргі кезде тұтыну қоржынының құрамын, кедейшілік шегін анықтау бойынша жаңаша тәсілдер қарастырылып, сарапшылар тарапынан талқыланып жатқанын да атап өту қажет. 2025 жылдан бастап кедейшілік шегін медиандық табыс бойынша анықтау жоспарланып отыр.

3) Қалалық және ауылдық жерлерде табыстар арасындағы алшақтық, сондай-ақ, күнкөрістің ең төменгі деңгейінен аз табысы бар адамдардың үлесінің жылдан-жылға өсуі ауылда да қалада да осы мәселенің өзектілігін көрсетеді. Осыған байланысты табысты ұлғайту кешенді әрі жүйелі түрде жүргізілуі керек. Тұрғылықты жеріне қарамастан халықтың табысының ең көп бөлігін еңбек қызметінен түскен табыстар, содан кейінгі орында зейнетақы және басқа да үй шаруашылығының трансферттері құрайды. Бірақ, ауылдық жерлерде қалаға қарағанда өздігінен жұмыстар атқару және кәсіпкерлік іс-әрекеттен түскен табыстар едәуір жоғары. Яғни, ауыл тұрғындарының негізгі табыс көзі иелігіндегі мал-мүлкін пайдаланудан, өнімдерін өткізуден түскен табыстар болып табылады. Сондықтан ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлікті дамыту бойынша кешенді мемлекеттік бағдарлама жасалуы тиіс. Қазіргі кездегі қолданыстағы ауылдық жердегі кәсіпкерлікке арналған 2,5 %-бен несие-леудегі басты шарттардың бірі кепілге қойылатын мүліктің болуы. Дәл осы талап ауылдық жерлерде кәсіпкерліктің дамуына басты кедергілердің бірі болып отыр. Ауылдық жерлерде зейнетақы мен жалақы деңгейі де қалаға қарағанда едәуір төмен. Ауыл халқы негізінен ауыл шаруашылығында еңбек етсе, қала тұрғындарының көпшілігі сауда, көлік, білім беру және өңдеуші өнеркәсіпте еңбек етеді. Ауылдық жерлерде кәсіпкерлік қызметтің белсенділігін жандандырумен қатар инфрақұрылымды да дамыту қажет. Инфрақұрылымның дамуы ішкі көші-қонды реттеумен қатар, бизнестің өркендеуіне, халықтың әл-ауқатының жақсаруына да өзіндік ықпалын тигізеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» жобасы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [web-сайт]. – 2021. – URL: <https://akorda.kz/assets/media/files/ekonomikaly-su-az.pdf> (Дата обращения: 12.01.2024).
2. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [web-сайт]. – 2023. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-nadiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (Дата обращения: 12.01.2024).
3. Суринов А. Е. Доходы населения. Опыт количественных измерений. – М.: Финансы и статистика, 2020. – 432с.
4. Ильясов Б.Г., Макарова Е.А., Закиева Е.Ш., Гиздаттуллина Э.С. Оценка данных о доходах населения в региональном разрезе методом главных компонент // Экономика региона. – 2019. – № 15(2) – С. 601-617
5. Мигранова Л. А. Методы оценки уровня и дифференциации доходов населения / Л.А. Мигранова, В.С. Жаромский // Народонаселение. – 2020. – № 23(4). – С. 26-39.
6. Колмаков И. Б. Методология расчета и анализа интегральных оценок показателей поляризации денежных доходов населения // Вопросы статистики. – 2015. – № 2. – С. 23-36
7. Конуспаева А. Т., Утегенова Ж. С., Какимов С. К., Жумагулова А. К. Необходимость регулирования доходов населения Казахстана // Вестник КазУЭФМТ. – 2022. – № 3(48). – С. 309-315.
8. Притворова Т. П., Кайдарова Ж. Е. Парадоксы регионального профиля Казахстана по номинальным и реальным доходам // Вестник Омского университета. Серия «Экономика». – 2022. – № 2. – С. 50-55.
9. Saurukova A. K., Denissova O. K., Kabdulsharipova A. M. Assescment of the living standard of the population of the Kazkhstan regions // Вестник университета «Туран». – 2022. – № 1(93). – С. 92-102.

10. Ауезова З. Т., Ауезова К. Т., Барлыков Е. К. Халықтың өмір сүру сапасын басқару тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары // «Тұран» университетінің хабаршысы. – 2021. – № 4(92). – Б. 127-133.
11. Дитон А., Заиди С. Принципы построения агрегированных показателей потребления в целях анализа благосостояния. – World Bank Group, 2004. – 110 с.
12. Гришина Е. Н., Лаптева И. П., Трусова Л. Н. Денежные доходы как основной индикатор уровня жизни населения России // Статистика и экономика. – 2019. – № 16(3). – С. 15-23.
13. Обследование бюджетов домашних хозяйств и благосостояние населения. Расходы и доходы населения [Электрондық ресурс] // Бюро национальной статистики Агентства по Стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [web-портал]. – 2022. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/publications/> (Дата обращения: 12.01.2024).
14. Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі. Статистикалық жинақ. қазақ және орыс тілдерінде [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [web-портал]. – 2022. – URL: <http://surl.li/qrsmf> (Дата обращения: 12.01.2024).
15. «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысы. [Электронды ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000218>.

## REFERENCES

1. «Kazakstandyktardyn al-aukatyn arttyruga bagyttalghan ornykty ekonomikalyk osu» zhobasy. (2021). The official website of the President of the Republic of Kazakhstan. Retrieved January 12, 2024, from <https://akorda.kz/assets/media/files/ekonomikaly-su-az.pdf> (In Kazakh).
2. Memleket basshysy K.K. Tokaevtyн «Adiletti Kazakstannyn ekonomikalyk bagdary» atty Kazakstan halkyna Zholdaу. (2023). The official website of the President of the Republic of Kazakhstan. Retrieved January 12, 2024, from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdaу-18333> (On Kazakh).
3. Surinov, A. E. (2020). Dohody naseleniya. Opyt kolichestvennyh izmerenij. Finansy i statistika, Moscow, 432 p. (In Russian).
4. Ilyasov, B. G., Makarova, E. A., Zakieva, E. Sh. and Gizdattullina, E. S. (2019). Ocenka dannyh o dohodah naseleniya v regional'nom razreze metodom glavnym komponent. Ekonomika regiona, 15(2), 601-617 (In Russian).
5. Migranova, L. A. (2020). Metody ocenki urovnya i differenciacii dohodov naseleniya. Narodonaselenie, 23(4), 26-39 (In Russian).
6. Kolmakov, I. B. (2015). Metodologiya rascheta i analiza integral'nyh ocenok pokazatelej polyarizacii denezhnyh dohodov naseleniya. Voprosy statistiki, 2, 23-36 (In Russian).
7. Konuspaeva, A. T., Utegenova, Zh. S., Kakimov, S. K. and Zhumagulova, A. K. (2022). Neobhodimost' regulirovaniya dohodov naseleniya Kazahstana. Vestnik KazUEFMT, 3(48), 309-315 (In Russian).
8. Pritvorova, T. P. and Kajdarova, Zh. E. (2022). Paradoksy regional'nogo profilya Kazahstana po nominal'ny i real'ny dohodam. Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «Ekonomika», 2, 50-55 (In Russian).
9. Saurukova, A. K., Denissova, O. K. and Kابدulsharipova, A. M. (2022). Assessment of the living standard of the population of the Kazkhstan regions. Bulletin of the Turan University, 1(93), 92-102 (In Russian).
10. Auezova Z. T., Auezova K. T. and Barlykov E. K. (2021). Halyktyн omir suru sapasyn baskaru tiimdiligin arttyrudyn negizgi bagyttary. Bulletin of the Turan University, 4(92), 127-133 (In Kazakh).
11. Diton, A. and Zaidi, S. (2004). Principy postroeniya agregirovannyh pokazatelej potrebleniya v celyah analiza blagosostoyaniya. World Bank Group, 110 p. (In Russian).
12. Grishina, E. N., Lapteva, I. P. and Trusova, L. N. (2019). Denezhnye dohody kak osnovnoj indikator urovnya zhizni naseleniya Rossii. Statistika i ekonomika, 16(3), 15-23 (In Russian).

13. Obsledovanie byudzhetov domashnih hozyajstv i blagosostoyanie naseleniya. Raskhody i dohody naseleniya. (2022). Bureau of National Statistics Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Retrieved January 12, 2024, from <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/publications/> (In Russian).

14. Kazakstandagy halyktyn turmys dengeji. (2022). Bureau of National Statistics Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Retrieved January 12, 2024, from <http://surl.li/qrsfmf> (In Kazakh).

15. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 14, 2022 No. 218 “On approval of the Comprehensive Plan “Program for increasing population incomes until 2029”. (2022). Adilet. Retrieved January 12, 2024, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000218> (In Kazakh).

## WAYS TO INCREASE POPULATION INCOME IN CONDITIONS OF ECONOMIC INSTABILITY

**R. K. Yelshibayev**

Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

---

### ABSTRACT

*The purpose of the research* is to study the theoretical and methodological foundations for the formation of incomes of the population in the country, economic and statistical analysis for specific official data and determine ways to increase incomes.

*Methodology.* The study used methods of economic and statistical analysis and comparative assessment.

*The originality / value of the research* are conclusions and proposals for increasing incomes as a result of a comprehensive analysis of the sources of formation, composition and structure of monetary incomes of the population in conditions of economic instability.

*Findings.* The research proposed recommendations for increasing income through economic growth and improving the management of inflationary processes, reducing the share of the population with incomes below the subsistence level, developing a specific action plan taking into account regional characteristics in order to reduce the poverty line, and eliminating the income gap in urban and rural areas.

*Keywords:* cash income, living wage, social transfers, dividends, pensions, benefits.

## ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ДОХОДОВ НАСЕЛЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ

**Р. К. Елшибаев**

Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

---

### АННОТАЦИЯ

*Цель исследования* – изучение теоретико-методических основ формирования доходов населения в стране, проведение экономико-статистического анализа с использованием официальных данных и определение путей повышения доходов.

*Методика исследования:* при проведении исследования применялись методы экономико-статистического анализа и сравнительной оценки.

*Оригинальность / ценность исследования* – выводы и предложения по повышению доходов в результате комплексного анализа источников формирования, состава и структуры денежных доходов населения в условиях экономической нестабильности.

*Результаты исследования.* В исследовательской работе предложены рекомендации по увеличению доходов путем экономического роста и совершенствования управления инфляционными процессами, снижению доли населения с доходами ниже прожиточного минимума, разработке конкретного плана мероприятий с учетом региональных особенностей с целью снижения черты бедности, устранению разрыва доходов в городской и сельской местности.

*Ключевые слова:* денежные доходы, прожиточный минимум, социальные трансферты, дивиденды, пенсии, пособия.

#### АВТОР ТУРАЛЫ

**Елшібаев Рақымжан Қамытбекұлы** – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: rakymzhan.elshibaev@narхоз.kz.

MPHTI 06.81.12

JEL Classification: M110; I280

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-6-18-29>

#### СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД В ОРГАНИЗАЦИИ УНИВЕРСИТЕТОВ ЧЕТВЁРТОГО ПОКОЛЕНИЯ: КАЗАХСТАНСКИЙ КЕЙС

Г. К. Сагитова<sup>1\*</sup>, Г. С. Мухамеджанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

---

#### АННОТАЦИЯ

*Цель исследования* – выявить особенности организации университетов четвертого поколения в Казахстане.

*Методология* – в работе использованы эмпирический метод, описательный метод; монографический, метод индукции, сравнительного анализа.

*Оригинальность / ценность исследования* – авторами определены векторы развития, влияющие на организацию вузов модели «University 4.0» и проведен сравнительный анализ их развития. В работе описана инновационная деятельность некоторых зарубежных университетов, которые можно определить точки роста казахстанских университетов при переходе к новой модели четвертого поколения. Предложен системный подход для формирования модели «University 4.0», которая внесет мультипликативный эффект в инновационное развитие регионов.

*Результаты исследования* – выявлены особенности системного подхода в организации университетов для перехода их на новую ступень развития.

*Ключевые слова:* управление развитием университета, университет нового поколения, модель «University 4.0», инновационная деятельность, коммерциализация, Спин-офф фирмы.

#### ВВЕДЕНИЕ

Охватившая весь мир пандемия, и как ее следствие, наступившее после нее кризисное состояние экономики, повлияли на вектор развития деятельности университетов во всем мире, в том числе и в Казахстане. Университеты по своей сути должны быть центром и двигателем знаний, наращивать новые подходы, помогать решать проблемы в экономических, политических и культурных сферах жизнедеятельности общества. Большое внимание, которое уделяет общество рейтингу вузов – констатирует факт признания, что рост экономики страны зависит от знаний, которые генерируют университеты.